

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (3)

Редакция

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)
E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164
Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Редакциялық алқа

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбай Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешимхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Қушқұмбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, элеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С.

Редакция

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Ажигали Серик Ескендерович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Вильмено Анна-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Исмагулов Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

Кумеков Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муктар Абильсеит Капизович, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

Оутрам Алан, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С.

Editorial Team

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru
Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Muktar Abilseit Kapizovich, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve “Saraishyq” - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

Outram Alan, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300

Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Vuilleminot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S.



ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan
Отан тарихы
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 3, pp. 536-553, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_536-553

**1921-1922 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ
ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АРА ҰЙЫМЫНЫҢ КӨМЕГІ**


Алмагүл Арапханқызы Бекенова¹, Махаббат Маликқызы Қозыбаева²

^{1,2}Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28)

¹Тарих магистрі, Ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0001-6034-900X>. E-mail: bek.alma_81@mail.ru

²PhD, Жетекші ғылыми қызметкер, Филиал директоры

 <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Бекенова А.А., Қозыбаева М.М., 2023

Андатпа. *Kіріспе.* Авторлар бұл мақалада 1921-1922 ашаршылық жылдарындағы балалардың жағдайын және оларға көрсетілген АРА ұйымының көмегі туралы зерделеген. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Ең алдымен, архивтік материалдар негізінде 1921-1922 жылдардағы ашаршылыққа ұшыраған балалардың жағдайын анықтау. *Материалдар мен әдістер.* Аталған материалдарды зерделеу барысында селекция әдісі арқылы керекті материалдарды іріктеп алып, мақаламызға тікелей қатысы жоқ ақпараттар алып тасталынды. Мақаланың нәтижелер бөлігінде анализ, синтез, индукция, дедукция, математикалық әдістер пайдаланылды. Сондай-ақ моделдеу әдісі арқылы 1921-1922 жылдардағы құбылыстардың логикалық ақпараттық құрылымы жасалынды. Қорытынды бөлігінде 1921-1922 жылдардағы балалардың жағдайы суреттеу әдісі арқылы берілді. Сонымен қатар өзектілік әдісі арқылы өзіндік қорытындыға келе отырып, ұсынымдар енгізілді. *Нәтижелер.* 1921-1922 жж. мұрағаттық мәліметтерді талдау барысында еліміздегі ең ашаршылыққа ұшыраған аумақтар анықталып, ашаршылықтың балаларға әсері зерделенді. Аштыққа көмек Орталық комиссиясының, Орталық балалар комиссиясының аштықтағы балаларға, панасыз қалған балаларға, балалар үйлеріне көмектесуі, балаларды эвакуациялау бойынша зерделеніп, балалардың жағдайы қалай болғандығы анықталған. Сондай-ақ ашаршылық жылдарында еліміздегі балаларға көрсетілген АРА ұйымының қызметі қарастырылған. *Қорытынды.* Аталған жылдардағы орын алған жағдайлардың еліміздің тарихында қалдырған әсері, болашақ ұрпаққа берер сабағы талданып, өзіндік ұсыныстар енгізілді.

Түйін сөздер: 1921-1922 жылдардағы ашаршылық, аштықтағы балалар, панасыз балалар, балалар үйі, эвакуация, балаларға көмек.

Алғыс. *Мақала ҚР БҒМ «1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы жаппай ашаршылық және оның салдарлары (жаңа архивтік және жазбаша дереккөздер негізінде)» жобасын іске асыру аясында орындалды (Тіркеу нөмірі АР09259227).*

Дәйексөз үшін: Бекенова А.А., Қозыбаева М.М. 1921-1922 жж. ашаршылық кезіндегі Қазақстандағы балалардың жағдайы және АРА ұйымының көмегі // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 3. 536-553 б. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_536-553




СОСТОЯНИЕ ДЕТЕЙ ВО ВРЕМЯ ГОЛОДА 1921-1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ И ПОМОЩЬ ОРГАНИЗАЦИИ АРА


Алмагул Арапхановна Бекенова¹, Махаббат Маликовна Козыбаева²

^{1,2}Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 28)

¹Магистр истории, Научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0001-6034-900X>. E-mail: bek.alma_81@mail.ru

²PhD, Ведущий научный сотрудник, директор филиала

 <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru

Аннотация. В данной статье авторы изучили состояние детей в 1921-1922 годах и помощь организацией АРА. *Цель и задачи исследования.* Прежде всего, на основании архивных материалов определить состояние детей, подвергшихся голоданию в 1921-1922 годах. *Материалы и методы.* В ходе изучения данных материалов методом селекции были отобраны необходимые материалы и исключена информация, не имеющая прямого отношения к нашей статье. В части результатов статьи использованы анализ, синтез, индукция, дедукция, математические методы. Также методом моделирования была разработана логическая информационная структура событий 1921-1922 годов. В заключительной части состояние детей 1921-1922 гг. было дано методом описания. Также были внесены рекомендации, приходя к самостоятельному заключению методом актуальности. *Результаты.* При анализировании архивных материалов 1921-1922 гг. выявлены территории наиболее подвергших голоду, изучены воздействие голода на детей. Изучена помощь Центральной комиссии по оказанию помощи голодающим детям, Центральной детской комиссии бездомным детям, детским домам, по эвакуации детей и выяснено, состояние детей. Также исследована деятельность организации АРА, оказанной детям нашей страны в годы голода. *Вывод.* Проанализировано влияние сложившихся за эти годы ситуаций на историю нашей страны, проанализированы уроки для будущего поколения, внесены рекомендации.

Ключевые слова: голод 1921-1922 гг., Центральная комиссия по помощи голодающим, Центральная детская комиссия, голодающие дети, бездомные дети, детские дома, эвакуация, помощь детям.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Голод в Казахстане в 1921-1922 годах и его последствия (на основе новых архивных и письменных источников) (Регистрационный номер AP09259227).


Для цитирования: Бекенова А.А., Козыбаева М.М. Состояние детей во время голода 1921-1922 гг. в Казахстане и помощь организации АРА // Отан тарихы. 2023. Т. 26. 3.С. 536-553. (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_536-553

THE CONDITION OF CHILDREN DURING THE FAMINE 1921-1922 IN KAZAKHSTAN AND THE HELP OF THE APA


Almagul Araphanovna Bekenova¹, Mahabat Malikovna Kozymbayeva²

^{1,2}Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov (050010 Republic of Kazakhstan Almaty, Shevchenko St., 28)

¹Master of History, Researcher

 <https://orcid.org/0000-0001-6034-900X>. E-mail: bek.alma_81@mail.ru

²PhD, Leading Researcher, Branch Director

 <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru

Annotation. Introduction. In this article, the authors studied the condition of children in 1921-1922 and the assistance provided to them by the organization APA. *The purpose and objectives of the study.* First of all, on the basis of archival materials to determine the condition of children subjected to starvation in 1921-1922. *Materials and methods.* During the study of these materials, the necessary



materials were selected by the selection method and information that is not directly related to our article was excluded. In part of the results of the article, analysis, synthesis, induction, deduction, mathematical methods are used. Also, the logical information structure of the events of 1921-1922 was developed by the modeling method. In the final part, the condition of the children of 1921-1922 was given by the method of description. Recommendations were also made, coming to an independent conclusion by the method of relevance. *Results.* When analyzing archival materials from 1921-1922, the territories of the most exposed to hunger were identified, the impact of hunger on children was studied. The assistance of the Central Commission for Famine Relief, the Central Children's Commission for assistance to starving children, homeless children, orphanages, evacuation of children was studied and it was found out how things are with children. It also provides for the activities of the organization APA that provided assistance to children in the country during the years of famine. *Conclusion.* The influence of the situations that have developed over the years on the history of our country has been analyzed, the lessons that it has passed on to future generations have been analyzed, and its recommendations have been made.

Keywords: famine of 1921-1922, Central Commission for Famine Relief, Central Children's Commission, starving children, homeless children, orphanages, evacuation, assistance to children.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Famine in Kazakhstan in 1921-1922 and its consequences (based on new archival and written sources)» (Registration number APAP09259227).

For citation: *Bekenova A.A., Kozybayeva M.M.* // Otan tarikhy. 2023. Vol. 26. No. 3. Pp. 536-553 (Kaz.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_536-553

Кіріспе. 1921-1922 ашаршылық жылдары қазақ тарихындағы халқымыз үшін ауыр жылдарға айналғаны белгілі. Бұл жылдар еліміздің аумағында орын алған 1917 жылғы көтерілістердің, Қазақстан аумағынан өткен ақтар мен қызылдар соғыстарының нәтижесінде халықтың жағдайын қайта қалпына келтіру, сондай-ақ билік жүйесі ауысқаннан кейінгі ел билігінің тұрақсыздығы жылдарына сәйкес келеді. Сонымен қатар, жұқпалы аурулар індеті, қуаңшылық та өзінің орын толтырмас іздерін қалдырды. Жұмысшылардың ауыр материалдық жағдайы, еңбекақы төлеуді кешіктіру де өзіндік әсерін тигізді. Аталған жылдардағы ашаршылықтың зардабын үлкендермен қатар балалар да бастарынан өткерді, біреулері аман қалса, кейбіреуі ашаршылықтың құрбандарына айналды. Тарихымызда ашаршылықтың бала құрбандарының тарихын зерттеп, олардың нақты санын түгендеушілер жоқтың қасы, тіпті 1921-1922 ашаршылық жылдарын зерттеушілер сирек кездеседі. Осы мақсатта Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты 1921-1922 ашаршылық жылдарын зерттеуге бағытталған арнайы ғылыми жобаларын жүзеге асыруда.

Материалдар мен әдістер. 1921-1922 ашаршылық жылдарын зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің «1921-1923. Қазақстандағы ашаршылық» (1, 2-том) атты құжаттар мен материалдар жинағына енгізілген ҚР ОМА-ның қорларындағы архивтік материалдар зерделеніп, мақалаға негіз болып отыр. Атап айтқанда, ашаршылық жылдарындағы балалардың тарихын зерттеп, зерделеуде көлемді ақпараттар мен статистикалық мәліметтер молынан қамтылған құнды дереккөздері болып табылады. Жоғарыда келтірілген жинақта сол жылдарда балаларға көрсетілген заттай, қаржылай көмек түрлері, балаларды эвакуациялау, балаларға көмек көрсеткен ұйымдар туралы, т.б. ақпараттар жинақталған. Сондай-ақ 1921 жылы балалардың жағдайы қаншалықты деңгейде болғанын, жағдайларын жақсартуда нақты қандай шешімдер қабылданғанын көруімізге болады. Сонымен қатар 1921-1923 жж. балалардың өмірін жақсарту бойынша жұмыс жоспарлары құрылып, ол жоспарларды жүзеге асыру бойынша есептерде әрбір губернияда атқарылған жұмыс нәтижелері қамтылған. Аштықпен қатар өнімсіздік, жұттың, жұқпалы індеттің орын алғандығы туралы құнды ақпараттар келтірілген.

1921-1922 ашаршылық жылдарын зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорларындағы материалдар зерделеніп, мақалаға негіз болып отыр. Атап айтқанда, ҚР ОМА-ның №509 «ҚазССР Орталық атқару комитеті жанындағы Балалардың өмірін жақсарту бойынша орталық балалар комиссиясы» (1921-1923 жж.) деп аталатын қорының істері ашаршылық жылдарындағы балалардың тарихын зерттеп, зерделеуде құнды



дереккөздері болып табылады. Аталған қордың 1-тізіміндегі №№ 1, 3, 5, 6, 7, 14, 19, 21-істері талданып, ғылыми айналымға енгізіледі, әрбір істе көлемді ақпараттар мен статистикалық мәліметтер молынан қамтылған. Мысалы:

- «Циркуляр Кирдеткомиссии о порядке участия ККОВ в борьбе с последствиями голода: протоколы заседаний Президиума КирЦИКа и губдеткомиссий» (08.06.1921-26.1923) деп аталатын №1 ісінде сол жылдарда қабылданған қаулылар, балаларға көрсетілген заттай, қаржылай көмек түрлері, балаларды эвакуациялау, балаларға көмек көрсеткен ұйымдар туралы, т.б. ақпараттар жинақталған.

- «Протоколы заседаний Центральной комиссии КирАССР по улучшению жизни детей» (14.05.1921-29.12.1921) деп аталатын №3 ісіндегі хаттамалардан 1921 жылы балалардың жағдайы қаншалықты деңгейде болғанын, жағдайларын жақсартуда нақты қандай шешімдер қабылданғанын көруімізге болады.

«Планы работы и отчеты Центральной детской комиссии за 1921-1923 гг.» (18.01.1922-08.03.1924) деп аталатын №5 ісінде әрбір жылдар бойынша балалардың өмірін жақсарту бойынша жұмыс жоспарлары құрылып, ол жоспарларды жүзеге асыру бойынша есептерде әрбір губерниялық балалар комиссияларының жұмыс нәтижелері қамтылған. 1921 жылдың есебінен бастап, 1922 жылғы айлық есептеріне дейін, 1923 жылғы 1 қыркүйектен 1 қараша аралығындағы есебінің өзінен балалардың жағдайының нашар екендігін көруге болады. Мәселен, Балалар мекемелері мен балалардың жағдайы, осы жылдың өнiмсiздiгiне байланысты, қайтадан нашарлай бастады. Киім, аяқ киім, оларды алуға қаржының жетіспеушілігі сезілуде. Барлық губерниялардағы балалар үйлеріндегі балалар толып кеткен, бұл аш губерниялардан балалардың келуімен түсіндіріледі. Сол уақыттарда панасыздар саны 52000-нан аса болған. Балалар мекемелері – 334, олардағы балалар саны – 32276 чел.» (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 5-іс 98-п.). Көріп отырғанымыздай, ашаршылық жылдары 1923 жылдың өзінде жалғасқан. Яғни 1921-1923 жылдар аралығында ашаршылыққа көмектесу бойынша нақты қандай іс-шаралар жасалынғанынан хабардар боламыз.

- «План работы Центральной детской комиссии при КазЦИКе на октябрь-декабрь 1921 г. Инструкции и переписка об организации помощи голодающим детям» (16.09.1921-07.12.1922) деп аталатын №6 ісінде аштықпен қатар өнімсіздік, холера, сүзек індетінің орын алғандығы туралы құнды ақпараттар келтірілген.

- «План организации русско-американского комитета помощи детям» (17.11.1921-18.12.1921) деп аталатын №7 ісінде ашаршылық жылдарында АРА ұйымының қызметіне рұқсат беру барысы, аталған ұйымның балаларға қаржылай, тамақтандыру бойынша көмек түрлері, Орыс-американ комитеті ұйымының жоспарлары жинақталған.

Сонымен қатар жоба орындаушыларының Қазақстан Республикасы Президенті архивінен және іссапарлардан алып келген архив материалдары да мақалада пайдаланылды.

Аталған материалдарды зерделеу барысында селекция әдісі арқылы керекті материалдарды іріктеп алып, мақаламызға тікелей қатысы жоқ ақпараттар алып тасталынды. Мақаланың нәтижелер бөлігінде анализ, синтез, индукция, дедукция, математикалық әдістер пайдаланылды. Сондай-ақ моделдеу әдісі арқылы 1921-1922 жылдардағы құбылыстардың логикалық ақпараттық құрылымы жасалынды. Қорытынды бөлігінде 1921-1922 жылдардағы балалардың жағдайы суреттеу әдісі арқылы берілді. Сонымен қатар өзектілік әдісі арқылы өзіндік қорытындыға келе отырып, ұсынымдар енгізілді.

Талқылау. Қазақстан тарихының 1921-1922 жылдары бойынша зерттеу жүргізген ғалымдарымыз баршылық. Олардың қатарында профессор Т. Омарбеков «20–30-жылдардағы Қазақстан қасіреті» еңбегінде 20-жылдардың соңынан 30-жылдардың ортасына дейінгі Қазақстан шаруаларының тарихын зерделеген. Ол 1997 жылдың өзінде 20–30-жылдардағы Қазақстан шаруаларының тарихы аз зерттелгенін, оның өзі 60-жылдардың соңынан бастап зерттеліне бастағандығын жазды. Сонымен қатар ол өз еңбегінде осы кезеңге қатысты Г.Ф.Дахшлейгердің, К.Нұрпейісовтің, С.Л. Ковальскийдің, А.Б.Турсунбаевтың, С.Жолдасовтың, В.А. Смышляевтің және т.б. еңбектерін талдаған. Профессор Т.Омарбековтің (Омарбеков, 1997: 3-41) пікірінше, ашаршылықтың шығуына ауа-райының қолайсыздығы емес, азамат соғысынан кейінгі шаруашылықтың күйзелуі, большевиктердің біржақты саясат жүргізуі себеп болған. Яғни биліктің шаруашылықты дұрыс басқара алмауы да өзіндік әсерін тигізген.



Профессор З.Е. Қабылдинов «Астана тарихы» еңбегінде Ақмола өңірінің тарихын зерттеу барысында аталған өңірдің 1921-1922 жылдардағы ашаршылыққа қатысты тарихын да зерделеген. Оның пікірінше, Ақмола өңірі астық өлкесі ретінде қарастырылып, жергілікті халықтың астығы сыртқа жөнелтіліп отырған (Қабылдинов, 2007).

Бірқатар ғалымдардың осы кезең тарихын біраз зерттегеніне қарамастан нақты 1921-1922 жылдардағы ашаршылық тақырыбын тікелей зерттеушілер сирек кездеседі. Олардың қатарында профессор С.О. Смағұлованың «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ тіліндегі мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы» тақырыбындағы диссертациясын атауға болады. Ғалым аталған кезеңдегі баспасөз беттеріндегі тарихи материалдардың деректік маңызына тоқталып, жан-жақты зерделеген. Зерттеу еңбегінде баспасөзде жарияланған 1921-1922 жылдардағы ашаршылыққа қатысты мәліметтер де кездеседі (Смағұлова, 2010). Сонымен қатар, С.О. Смағұлованың «Ашаршылық қасіреті» еңбегін атап өтуге болады. Онда ғалым М. Қозыбавтың, С.Мстиславскийдің, А.Н. Коганның, П.В. Ивановтың, В.Шахматовтың, Г.А. Тимченконың, Т.Шонанұлының, М.Дулатовтың және т.б. еңбектерін пайдаланған. Сондай-ақ аталған еңбекте 1921-1922 жылдардағы балалардың ашығуы қарастырылған (Смағұлова, 2019: 232-243).

Зерттеуші ғалым, т.ғ.к. С. Шілдебайдың жетекшілігімен «Қазақстандағы жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес тарихы» жобасын жүзеге асыру нәтижесінде «Қазақстандағы жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес тарихы (1920-1936)» зерттеу еңбегі жарияланған. Бұл еңбекте 1920-1936 жылдары Қазақстан аумағын жайлаған індеттер, олармен күрестегі денсаулық сақтау орындарының қызметі туралы зерделенген (Шілдебай, Жүнісбаев, 2021).

Дегенмен, біздің зерттеу мақаламызда Орталық балалар комиссиясының қызметіне және балалар үйлері, ондағы балалар мен олардың жағдайы толығырақ зерделенеді; сондай-ақ, ашаршылық жылдарында балаларды құтқару мақсатында жұмыс жасаған эвакуациялық жұмыстар, халықаралық ұйымдардың балаларға көмегі туралы қарастырылады.

Нәтижелер. Республика аумағындағы өнімсіздік әрбір 10-13 жылда кезеңімен, арасында азды көпті болып, өнімсіздік жылы жұтпен – мал қырылуымен қатар жүрген (1-том, 222-223). 1921 жылдың көктемінен бастап құрғақшылықтың салдарынан астық пен шөптің күйіп кетуі нәтижесінде егіс өнімсіздігіне алып келген. Мәселен, егістік көлемі 1917 жылы 3840000 десятина болса, 1920 жылы – 3075000 десятинаға, 1921 жылы – 2093000 десятина болды. 1917 жылдан 1921 жылға дейін егіс көлемі 47% қысқарған. 1920-1921 жылдары малдың жұтқа ұшырауы ауыл шаруашылығына өзінің әсерін тигізді. Мәселен, 1917 жылы – 39700000 бас мал болса, 1920 жылы – 9700000, 1921 жылы – 5200000 бас малға азайған. 1917 жылдан 1921 жылға дейін мал басының азаюы 83% құраған (1, 2021:218). Аталған себептерге қоса азық-түлік салғыртын да ашаршылық себептерінің бірі ретінде атап өтуге болады.

1921 жылғы 1 наурыздың соңындағы ақпарат бойынша аштықтағы адамдардың саны туралы Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Бөкей, Ақмола губерниялары бойынша тұрғындар саны – 3.353.228, оның ішінде ашыққандар саны – 2.286.5916, яғни аталған губерниялар бойынша тұрғындардың 68,2% құрайды (2, 2021:157).

Аштықтағы адамдардың саны туралы губерниялар бойынша стат-басқарма мен жергілікті мәлімет бойынша келесідей:

Губерния	Стат-басқарма мәліметі	Жергілікті мәлімет
Орынбор	387.500	444.786
Қостанай	264.900	254.816
Орал	387.900	400.000
Ақтөбе	292.100	359.325
Бөкей	176.500	100.000
Барлығы:	1.508.900	1.558.927

1-кесте. Аштықтағы адамдар туралы мәлімет (2-том, 2021:150).

Tab. 1. Information about starving people (Vol. 2, 2021:150).



Кестеден көрініп тұрғандай, 5 губернияның өзінде 1.508.900 адам аштықтан зардап шеккен. Стат-басқарманың мәліметі жергілікті мәліметтен сәл ғана айырмашылықта, қалай болғанда да бір жарым миллионнан астам адам аштықта болған.

ҚР ОМА-нің 509-қорының 1-тізімі 5-ісінде «Орталық балалар комиссиясының 1921-1923 жылдарға арналған жоспарлары мен есептері» қамтылған. Бұл істе 1921-1923 ашаршылық жылдарындағы ашаршылыққа ұшыраған балаларға көмек барысындағы Орталық балалар комиссиясының (бұдан әрі – ОБК) жұмыстары енгізілген. Осы істі талдау барысында ОБК қалай құрылғанынан бастап, кезең-кезеңімен ашаршылықтағы балаларға көмектесуді ұйымдастырғанын, Орталықпен тығыз байланыста хат алмаса отырып, жергілікті орындармен, ашаршылыққа көмектесу ұйымдарымен қалай байланыс жасағанын, балаларды тамақтандыруда қаржылық мәселелерді қалай шешкендігін, балалардың эвакуациясы, жалпы ашаршылықтағы балаларға көмек жұмысын ұйымдастыру барысына дейін көре аламыз.

1921 жылғы 10 ақпандағы БОАК қаулысына сәйкес, ҚОАК Балалардың өмірін жақсарту бойынша орталық комитеті 1921 жылғы 28 сәуірде ұйымдастырылған. Комиссия төрағадан және 6 мүшеден құрылды. Төрағаны ҚОАК Президиумы тағайындайды. Мүшелер: Қырағартхалком, Қыразықхалком, Қыржұмшар, Қырденсхалком, Қыркәсбюро және БТК Қыруәкілеттісінен құралды. Комиссия жұмысы мен бағыты комиссия туралы «Ережемен» нақтыланған. 1921 жылғы комиссияның төрағалары бойынша келесідей:

07.05.1921-14.07.1921 жж. Заозерова-Яковлева төраға болып, губерниялық, уездік балалар комиссияларын құру бойынша нұсқаулықтар таратылған, 8 отырыс өткізілген.

14.07.1921-25.08.1921 жж. Сергеев төраға болып, губерниялық, уездік балалар комиссияларының жұмыстарын реттелген, 13 отырыс өткізілген.

25.08.1921-31.12.1921 жж. Кенжин төраға болып, «Балаларға көмек» апталығын ұйымдастырылған; ай сайынғы есеп үлгісі жасалынған; бірқатар ережелер жасалынған:

- ҚССР балаларын эвакуациялау жүргізудің жалпы ережесі;
- Түрреспубликаға ҚССР балаларын эвакуациялау жоспары;
- Ақпараттық бюроны ұйымдастыру туралы ереже.

Эвакуацияланатын балаларға карточка жасау, эвакуациялау алдында поезд өкілімен эвакуациялау бойынша жиналыс өткізген; 25.08.1921-31.12.1921 жж. іс қағаздары: кіріс – 401, шығыс – 778; ОБК Аштықтағыларға көмек орталық комиссиясының (ЦК Помгол) Аштықтағы балаларға көмек секциясы ретінде жұмыс істеген (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 5-іс. 9-11-пп.).

1921 жылы 21 мамырда РКФСР Азық-түлік халық комиссариаты барлық Губазықкомдарға республиканың экономикалық жағдайының ауырлауын ескере отырып, барлық қолда бар, түсіп жатқан, жергілікті жерлерде өндірілетін тамақ өнімдерін тек балалар мен аурулар арасында бөлуге тапсырған. Сонымен қатар қолданыста емес және жеке қоймаларды арнайы комиссия құра отырып ашып, ондағы тамақтар мен балалардың қажеттілігіне жарайтын заттарды алуға тапсырма берген. Сондай-ақ балалар үшін ерікті қайырымдылық жинауды және тез бұзылатын тамақ өнімдерін жергілікті балалар мекемелеріне және жалпы балаларға таратуды қарастырған. Берілген заттарды жинау, қабылдау, сақтауды ұйымдастыру бойынша нақты нұсқаулық жасау тапсырылып, оны жасауда Қызыл Армия мен «Бала аптасы» үшін жинау тәжірибесін пайдалануды ұсынған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс 41-42-пп.). Осыған орай «КССР мектептері мен балалар мекемелеріне көмек аптасын жүргізу бойынша нұсқаулық» жасалынған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс 54-п.).

Ашаршылық жылдарында мектептердің, ондағы балалардың көрсеткіші келесідей болды:

№	Губерния атауы	1921 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша				1922 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша				Ескерту
		Мектептер	Оқушылар	Мектептер	Оқушылар	Мектептер	Оқушылар	Мектептер	Оқушылар	
1	Орынбор губ. (Ақтөбе губ. бірге)	2007	201549	46	7000	341	41362	4	223	Наурыз айында Орынбор



2	Орал губ.	575	43000	6	793	120	8450	4	520	губерниясы Ақтөбе губерниясысыз
3	Қостанай губ.	627	44260	8	628	242	9226	4	250	
4	Семей губ.	862	76186	26	3100	834	58835	26	3869	
5	Ақмола губ.	869	68990	25	2955	869	68990	25	2950	
6	Бөкей губ.	247	6894	4	150	150	3750	3	101	
7	Адай уезді	11	772	1	12	8	560	1	12	
8	Ақтөбе губ.	-	-	-	-	171	9135	1	30	
						2735	200408	68	7955	

2-кесте. Мектептер мен ондағы оқитындар саны (ҚР ОМА. Ф.509-қ. 1-тіз. 14-іс. 21-п.)

Tab. 2. Schools and students in there (CSA RK. F.R.-509. Inv.1. C.14. Sh.21)

Кестеден көрініп тұрғандай, 1921 жылғы 1 шілдеден 1922 жылғы 1 шілде аралығында, мәселен Орал губерниясының өзінде мектеп саны 575-тен 120-ға (21%), ал оқушылар саны 43000-нан 8450-ге (20%) азайған.

Халық мыңдап аштықтан өліп жатқанда халықтық білім берудің жағдайы туралы айту қиынға соғады. Себебі балалар аштықтан әлсіреп, киім мен аяқ киімнің жетіспеушілігінен үйлерінде болуға мәжбүр болды. Ал мұғалімдер ашаршылықта болумен қатар 3-4 айлап белгіленген азық-түлік пайктерін де, жалақыларын да ала алмай, мектепке барудан бас тартқан жағдайлар орын алған. Мұғалімдердің есебіне енгізілген самооблажениелердің өзі, жалпы кедейлік барысында, оң нәтижелер бермеген. Мектептердің шаруашылық есебіне көшуі ата-аналардың балаларын мектепке жіберуден бас тартуына алып келді. Оның нәтижесі бірқатар мектептердің жабылуына, педагогикалық персоналдың тарауына алып келді. Балалар мекемелерінің өзі, әсіресе қыста, жанар-жағармаймен, жылы киіммен жеткілікті көлемде қамтамасыз етілмеген. Десе де кейбір ағарту саласының жұмысшылары уездерге, губернияларға барып, ашаршылық себептерін және ашаршылықпен күреске көмек шараларын айтып, жиналыстар өткізген, тамақ өнімдерін таратқан (2-том, 2021:162-163).

1921 жылдың шілдесінде басталған ауру індеттері 1922 жылдың мамырына дейін тоқтамаған. Шілде, тамыз, қыркүйек айларындағы холера індетінен қайтыс болғандар санының көптігі соншалық, есепке алу қиындаған. Тіркелгендерінің өзі 70%-ға жеткен. Ең көп өлім балалар үйінде болған (2-том, 2021:99).

Аштықтағы адамдар ашыққан балаларын балалар үйіне, балаларды қабылдау орындары толып кеткен болса да қалдырған. Кейбірінің балаларын қалдыра алмаса да, өздерімен алуға мүмкіндіктері болмай, балалары жолда қалған кездер де болған (2-том, 2021:148).

Панасыз қалған балаларды балалар үйлеріне орналастырған. 1921 жылдың 1 шілдесінен 1922 жылғы 1 қаңтар аралығындағы балалар үйлері санының көбеюі келесі кестеде келтірілген:

Балалар мекемелерінің атауы	1/VII-21 ж.		1/I-22 ж.	
	Балалар үйінің саны	Ондағы балалар	Балалар үйінің саны	Ондағы балалар
Балалар үйі (қалыпты)	328	17.092	502	26.193
Балалар бақшасы	95	4.495	62	2.978
Қабылдау үйі	Болмады		16	4.171
Барлығы	423	21.551	580	33.342

3-кесте. Балалар үйлері туралы мәлімет (2, 2021:224).

Tab. 3. Information about orphanages (2, 2021:224)

3-кестедегі мәліметтен балалар үйлерінің 6 айдың ішінде 328-ден 502-ге, ал ондағы балалар санының 17.092-ден 26.193-ке көбейгендігін көреміз.

ҚАК жанындағы Балалардың өмірін жақсарту бойынша Орталық Комиссияны 1921 жылғы 15 қыркүйек пен 1 қазан аралығында «Бала аптасын» ұйымдастырып, сонымен қатар келесі секцияларды құру ұсынылған:



1. Тұрғын үй-санитарлық-техникалық секция тұрғын үй-санитарлық істі жақсарту мақсатында барлық балалар үйлерін зерттеу;
 2. Азық түлік және қамтамасыз ету бойынша секция балалардың тамақтануын қамту мақсатында тамақтандыру пунктерін ұйымдастыру;
 3. Балаларды дәрігерлік қадағалау бойынша секция;
 4. Балалар санағы бойынша секция балалар үйлеріне мұқтаж балалардың санын есепке алуын ұйымдастыру;
 5. Тігін шеберханасын ұйымдастыру бойынша секция;
 6. Концерттер мен спектаклдер ұйымдастыру және садақа жинау бойынша секция.
- «Балалар біздің болашағымыз», «Балалар және кеңестік билік», «Балаларды тәрбиелеудегі әйелдің рөлі», «Балалар арасындағы өлім және онымен күрес», «Балалардың денсаулығын қорғандар» тақырыптарында митингілер мен дәрістер өткізуді ұсынған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс 56-п.).

Балалардың жағдайын жақсарту бойынша ҚОАК комиссия отырыстарында панасыз балаларды қабылдау бойынша тұрақты ашық болатын күндізгі және түнгі кезекшілік қабылдауды ұйымдастыру, ата-аналарымен тұратын балалардың жағдайын тексеру үшін Әлеуметтік көмек ағалары мен әпкелерін ұйымдастыруды бастау қарастырылып, нақтыланған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 3-іс 17-п.).

1921 жылы панасыз балалардың өсуі келесідей болған:

Губерния атауы	1921 ж 16 қараша	1921 ж 1 желтоқсан	1921 ж 31 желтоқсан
Орынбор губ.	32.000	33.000	47.112
Орал губ.	21.100	29.100	31.479
Қостанай губ.	12.344	22.464	27.344
Семей губ.	5.316	5.976	8.316
Ақмола губ.	8.176	8.670	12.170
Бөкей губ.	4.105	4.105	6.105
Ақтөбе губ.	14.959	23.109	22.959
Адай уезі	2.000	2.400	3.079
Барлығы:	100.000	128.873	158.564

4-кесте. 1921 ж. губерниялардағы панасыз балалар туралы мәлімет
(ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 5-іс 11-п.).

Tab. 4. Information about homeless children in the provinces in 1921
(CSA RK. F.R.-509. Inv.1. C.5. Sh.11)

Берілген кестеден көрініп тұрғандай, панасыз балалардың саны 1921 жылғы 16 қарашадан бастап 1921 жылғы 31 желтоқсан аралығында 100.000-нан 158.564-ке өскен.

1921 жылғы 18 қарашадағы КСРО халық ағарту комиссары А.Кенжиннің БОАК жанындағы балалардың өмірін жақсарту жөніндегі орталық комиссияға жазған баяндамасында 20 миллиардтаған авансты бөлу барысында Кирреспублика 4 миллион аштықтағыларымен 1100 миллион ақшалай және Ағарту халкомының дайындамасы болмағанын, ал Татар Республикасының 2 миллион аштықтағыларына 11400 миллион ақшалай көмек және РКФСР Қырағарту халкомының дайындамаларынан үлесі бар екендігі келтіріледі. Сонымен қатар РКФСР-дың өнімсіздік жайлаған басқа облыстарымен қатар Кирреспубликада өнімсіздік апаты екі еселенетінін, себебі 1920 жылдың қысында малдың жаппай қырылып, кейбір жерлерде 95%-ға дейін малдың қырылғандығы баяндалады. Мемлекеттік, не жекелеген ұйымдардың көмек көрсетуіндегі қиыншылықтарды Кирреспубликаның жалпы мемлекеттік орталықтардан алыстығымен және ішкі көлік қиыншылықтарымен түсіндіріледі. Басқа да өнімсіздік жайлаған аудандарда шетелдік ұйымдардың көмек жұмысы жүріп жатқандығы, ал аштықтағы балаларға көмек бойынша АРА-ның алғашқы қадамдары жақынарада күтілетінділігі келтірілген (1-том, 2021:201-202).

1921 жылғы 20 желтоқсандағы мәлімет бойынша, Орынбордың «Степная правда» газетінде Орынборда күнделікті 100 балаға дейін балалар үйлері мен ауруханаларда аштықтан және аурудан өліп жатқаны туралы хабарлап, суреттерін келтірген (1-том, 2021:312).



1922 жылғы 1 наурыздағы КССР аумағындағы мекетепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың саны туралы мәлімет келесідей болған:

Губерниялардың атауы	Бала-бақшалар		Балалар үйлері				Аралас типті балалар үйлері		1-ші деңгей		2-ші деңгей		Аштық ағылар
	Бала-бақшалар	Балалар	Мектепке дейінгі жастағы		Мектеп жасындағы		Үйлер	Балалар	Мектептер	Оқушылар	Мектептер	Оқушылар	
			Үйлер	Балалар	Үйлер	Балалар							
Орынбор губ.	15	167 (қаламсаппен 1067-ге түзетілген)	20	1260	132	7937	-	-	341	41.362	4	223	208.837
Орал губ.	15	750	20	2197	59	6691	-	-	120	8.450	4	520	31.479
Қостанай губ.	12	620	-	-	-	-	100	8.377	242	9.226	4	250	114.847
Ақтөбе губ.	5	256	-	-	-	-	27	2.832	171	9.135	1	30	22.959
Семей губ.	7	280	3	124	6	351	-	-	862	76.186	26	3.100	8.316
Ақмола губ.	16	809	-	-	-	-	111	8.764	869	68.990	25	2.950	12.000
Бөкей губ.	4	235	2	42	3	121	-	-	150	3.750	3	101	6.505
Адай уезі	6	307	-	-	-	-	12	600	8	560	1	12	3.079
БАРЛЫҒЫ:	80	4424 (қаламсаппен 5324-ке түзетілген)	45	3.623	200	15.100	250	20.573	2363	217.659	68	7.186	408.022 адам
			Барлық балалар үйлері – 395 (қаламсаппен 495-ке түзетілген) және ондағы балалар – 39.296.										

5-кесте. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың саны туралы мәлімет (ҚР ОМА. Ф.Р.-509. 1-тіз. 14-іс. 22-п.)

Tab. 5. Information about the number of preschool and school-age children (CSA RK. F.R.-509. Inv. 1. C.14. Sh. 22)

1922 жылы панасыз қалған балалардың саны туралы келесідей мәлімет келтірілген:

Губерния атауы	1/І-22 ж.	1/ІІІ-22 ж.
Орынбор	47.112	208.837
Орал	31.479	31.479
Қостанай	27.344	114.847
Семей	8.316	8.316
Ақмола	12.170	12.000
Ақтөбе	22.959	22.959
Бөкей	6.106	6.505
Адай уезі	3.079	3.079
Барлығы:	138.564	408.022

6-кесте. 1922 ж. губерниялардағы панасыз балалар туралы мәлімет (2-том, 2021:224)

Tab. 6. Information about homeless children in the provinces in 1922 (2-том, 2021:224)

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, панасыз балалардың ең көп болған губерниялары – Орынбор, Орал, Қостанай, Ақмола және Ақтөбе. Яғни, бұл мәлімет осы губерниялардың сол кезеңдерде ең аштық пен ауру індеті жайлаған губерниялар болғандығының көрсеткіші болып табылады. 1/ІІІ-22 жылғы мәлімет бойынша әсіресе Орынборда – 208.837, Қостанайда – 114.847-ге дейін жеткен. Әсіресе Қостанай қаласы мен Орынбор губерниясының Орск қаласының балалар үйлеріндегі балалардың жағдайы өте ауыр болған. Орск қаласы Орынбордан жолдың дұрыс болмауына және ат көлігінің болмауына



байланысты 3,1/2 ай бойына ҚССР орталығынан көмексіз қалған. Балалардың аштықтан өлімі 75%-ға жеткен.

Әйелдер, партиялар және кәсіби бірлестіктер балаларды қабылдау орындарында түнгі кезекшіліктерге тұрып, балаларды жуындырып, реттеген; эвакуациялау барысында алып жүрген. Олардың балаларға деген аналық қарым-қатынасының нәтижесінде бірнеше мыңдаған балалардың өмірі аман қалған (2-том, 2021:226).

Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің және Халық комиссарлар кеңесінің 1922 жылғы 2 қарашадағы «Ашаршылықтағылардың есебіне енгізілген салықтарды жою туралы» қаулысымен 1921-1922 жылдары ашаршылықтағылардың есебіне енгізілген табиғи және ақшалай мемлекеттік және жергілікті салықтардың күші жойылып, 1922 жылғы 11 ақпандағы декретпен бекітілген жалпы азаматтық салық /штраф пен пеня/ ғана қалған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 1-іс 4-п.).

Аштықтағыларды құтқару үшін Помголдың қорынан 39 миллиард кредит ашылған (2, 2021:434-б.). Сонымен қатар, тамақтандыру пунктері ашылып, панасыз балаларды тамақтандыра бастайды. Тамақтандыру нансыз беріледі, себебі балалар үйлері, қабылдау үйлері, ауруханалардың өзі нан алмаған. Помгол жалпымемлекеттік іс болып, қаржыландыру көбейген сайын, мемлекеттік ұйымдар аштықпен күреске бейімделгеннен кейін, кейбір ұйымдардың көмегінен соң, аштықтағы балалардың, панасыз балалардың жағдайы бірқалыпты бола бастайды (2-том, 2021:151).

1923 жылдары балалар үйлеріндегі балалардың жағдайына келсек, Мемлекет тарапынан тамақтандыруға ғана қаржы бөлінген. Жергілікті қаржы есебіне аудару салдарынан КССР-дегі мектептердің, дома ребенка, ясли, балалар үйлерінің жағдайы нашарлай бастаған. Жөндеу жұмыстары, жанармай дайындау, мекемелерді ұстау, барлығы жергілікті смета есебінен жүзеге асырылған. Нәтижесінде балалар мекемелері жабыла бастаған, бұл панасыз балаларды көбейткен.

БОАК Балалар комиссиясы балалар мекемелерінің жағдайын жақсартуда, біріншіден, Халықтық білім беру бөлімдерінің материалдық қаржысының көлеміне байланысты екендігін, екіншіден, балалар үйлеріндегі жағдайды «еңбек режиміне» ауыстыра отырып жақсартуды, үшіншіден, Мемлекеттік органдардың ұсақ розничная сауда экономикасына әсер етуіне байланысты деген қорытындыға келген. Сондықтан БОАК комиссиясы Бөлшек сауданың Пай серіктесі «Ларек» серіктестігін ашуға септігін тигізген. Ол киоскілерде, палаткалар мен басқа да «ларей» ұсақ саудамен айналысып, кеңестік тауарлардың пайдаланушыға тікелей қолжетімді бағада жетуін қамтамасыз еткен (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 1-іс 63-64-пп.). Қазіргі күндері аялдама жандарында орналасқан газет-журнал сататын дүңгіршіктер сол кезеңнің «ларектарының» тарихи сабақтастықтағы жалғасы болып табылады.

1923 жылғы 11 қазандағы Уралгубисполкомы Президиумының отырысында Орал Губоносына балалар үйлеріндегі жағдайдың өте нашарлауынан жасөспірімдерді қаржының жетіспеушілігіне байланысты балалар үйлерінен азайту туралы сұрақ қарастырылып, Гуобоноға балалар үйлерін босату және жедел түрде босатуға міндетті қаулының жобасын ұсыну тапсырылады.

1923 жылғы 28 қарашадағы Қостанай қаласындағы балалар үйлеріндегі қараша айындағы санитарлық жағдай туралы баяндамада балалар үйлерінде жаппай аурулардың үдегендігі айтылған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 1-іс 101-п. - 101-а.п.). Яғни келтірілгендерден ашаршылық жылдарындағы балалардың жағдайы 1923 жылдары да сол 1921-1922 жылдардағыдай жалғасқандығын көреміз.

Баларды эвакуациялау. Балалар үйлеріндегі балалар санының көбеюі, жанар-жағар майдың жетіспеуі балалар үйлерін ауру ошақтарына айналдыруы мүмкін болғандықтан, Орталық балалар комиссиясы балаларды эвакуациялауға санитарлық поездар жіберу туралы мәселені көтерді.

1921 жылғы 18 тамыздағы «Өнімсіздік жайлаған жерлерден балаларды эвакуациялау тәртібі туралы ереженің»:

- 8-тармағына сәйкес, бірінші кезекте ұйымдасқан ұжыммен (балалар үйі, колония, мектеп және т.с.с.) алып келген балаларды эвакуациялауға болады. Егер жетім болмаса, эвакуациялауға жататын жергілікті тұрғындардың балалары жергілікті осы типтес басқа мекемеге бөлінген;



- 9-тармағына сәйкес, эвакуациялаудың келесі кезегінде басқа жерлерден келген 6-14 жас аралығындағы әртүрлі балалар үйлеріндегі балалар болған. Олардың бұрын қай жерден келгендігі, қай жердің тумасы, немесе қай жерде туыстарының болуы, ұлты, жасы, жынысына (үлкен жас) және психофизиологиялық жағдайына қарай біртекті топтар құрылуы керек;

- 10-тармағына сәйкес, келесі эвакуациялануға өнімсіздік орын алған жерлердегі ешқандай туыстары жоқ, балалар үйлері мен әлеуметтік тәрбиелеу мекемелерінде тұратын алдыңғы тармақтардағы жас санаттарына жататын балалар жатады;

11-тармағына сәйкес, жоғарыдағылар эвакуацияланып болғаннан кейін, соңғы кезекте эвакуациялануға жергілікті жерлерде туыстары жоқ және мүліктік байланысы жоқ жетімдер жатады. Алдыңғы және кейінгі тармақтарда көрсетілген балалар бүтіндей мекеме түрінде эвакуациялауға жатады. Эвакуацияға персонал сәйкесінше балалар мекемелерінен шақырылуы керек болған;

12-тармағына сәйкес, эвакуацияға жататын әрбір балаға жеке карточка толтырылып, 4 мекен-жайға жіберілуі керек (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 19-іс 50-п.).

Карточканың үлгісінде: 1- «Ц.Детс.Адресн.стол (Москва, Остоженка, 53)

2 – Губ дет Адресн. стол

3 – в Уездный

4 – в учреждение куда ребенок будет перемещен (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 19-іс 51-п.).

Осы тұста Москва қаласының Остоженка көшесі, 53 мекен-жайы бойынша орналасқан Орталық балалар мекен-жай үстелінде (Ц.Детс.Адресн.стол) ашаршылық жылдарында эвакуацияланған балалар, олардың эвакуацияланған жерлері туралы ақпараттар жинақталған. Сол жылдары бірін-бірі жоғалтқандар болса, қазіргі күнде осы мекемені іздестіру, оның қорларында жұмыс жасау арқылы жақындарын табуға болады деп есептейміз. Себебі, кез-келген эвакуацияланушыға міндетті түрде аталған карточка толтырылып, осы мекен-жайға жіберілген.

Аштықтан зардап шеккен жерлердегі халықты эвакуациялау бойынша жұмыс Қырэвакка жүктелді. Онда жұмысты жеңілдету және темір жол станцияларын аштықтағылардан азайту үшін жол бестігі құрылды (РФМА. 1064-қ. 2-тіз. 38-іс. 43-п.).

Губерниялар бойынша эвакуация келесідей бөлінді:

Ақтөбе губерниясынан – 4 поезд; Орал губерниясынан – 6 поезд; Қостанай губерниясынан – 2 поезд; Орынбор губерниясынан – 12 поезд. Барлығы 24 санпоездбен 15.100 бала эвакуацияланды. Олар 1921-1922 жылдар аралығында Туркеспубликаға, Бұхараға, Украинаға және РСФСР-дың орталық губернияларына жіберілді (2-том, 2021:225).

Орынбор қаласынан Самарқандқа №203 санпоездбен балаларды эвакуациялау бойынша жиналыс хаттамасында әр вагонға 2 күтуші 1 тәрбиешіден, барлығы 11 вагонға 33 педагогикалық және техникалық персонал бөлінген. Оның ішінен біреуі эвакуация бойынша уәкілетті болған. Орынбор қаласының балалар үйлері үшін белгіленген норма бойынша 6 күнге қосымша азық-түлік берілген. Вагондар шаммен және майшамдармен жарықтандырылған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 19-іс. 115-п.). №163 санпоезды тексеру барысында балалардың көпшілігі жіберер алдында моншаға шомылдырылмағандығы, медициналық тексерудің нашар жүргізілгендігі анықталған. Себебі балалардың ішінде көптеген ауру балалар болған, өлім жағдайы да кездескен (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 19-іс. 120-п.).

Қарашадан басталған эвакуацияға №№142, 161, 203, 303, 301 поезддар Туркеспубликаға 3000 адам, мұсылман балалары жіберілген. 1921 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша №301 поезд Ашхабадқа 20 желтоқсанда 404 адамды қалдырып, Орынбордан Смоленскіге 700 адамды әкетеді. РКФСР Ағартушалкомы 10-12 күнге тамақ береді, поездда тамақ жетпейді, жай жүреді. Поезд кейбір жерлерге 29-35 күн жүреді. ОАК қосымша тамақтандырған жағдайлар болған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 5-іс. 11-п.).

1921 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қостанай және Бөкей губернияларынан ешқандай бала эвакуацияланбаған. ОБК телеграфпен Қостанай губерниясына 2 санпоезд және Бөкей губерниясына 2 санпоезд жіберу туралы қолдау хат жолдаған. Бірақ қараша, желтоқсан айларында Орталықтан телеграфқа жауап алмаған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 5-іс. 10-пп.).

Балаларды Түркеспубликасына, Ақмола, Семей губернияларына эвакуация жұмыстары жабдықталған поезд составтарының болмауымен тоқтатылған. Эвакуациялауға жататын балалар саны 10000 болған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс 19-п.). Балаларды эвакуациялауға



поездардың азық-түлік қорларының болмауына байланысты кешіктірілген жағдайлар да кездеседі (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс 21а-п.).

Кейбір жағдайларда балаларды эвакуациялайтын вагондарды тексеру барысында балалар мен балаларды алып жүрушілердің 1/3 бөлігі қайтыс болғаны анықталған жағдайлар да кездеседі. Мәселен, Ақтөбеден Орынбор қаласына жеткен №635785 вагоны 1921 жылғы 13 желтоқсанда Ақтөбе қаласынан 66 адаммен шығып, 15 желтоқсанда Орынбор қаласына келгенімен, 1922 жылғы 1 ақпанда тексеру барысында 28 адам, оның ішінде 22 бала, 4 ана мен 2 ер адам қалған. Тексеру актісіне сәйкес, 1/3 бөлігі қайтыс болған, қалғаны тарап кеткен. Адамдары киімшен, аш және ұзамай олар да сол жағдайға жетуі ықтимал болған. Вагонда пеш болғанымен, жағатын отын болмаған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 21-іс. 74-п.).

Поездарда жұқпалы аурулардан қайтыс болғандар кездеседі. Мәселен, Кирреспубликадан Украинаның Черниговская губерниясына эвакуацияланған №1029 санпоездының уәкілеттісінің баянжазбасында Ақтөбеден 356, Янсан станциясынан 18, Мартук станциясынан 25, Ақ-Бұлақтан 125, барлығы 524 адамға Орынбордан 386 бала қосылған. 23 мамырда барлығы 910 аш бала Орынбордан Круты-Чернигов рейсімен жолға шыққан. Жұқпалы аурудың үдеуіне байланысты Кинель, Самара, Сызран изопронпунктеріне 15 баланы тапсырған, ал 13 бала қайтыс болған. Уәкілеттінің пікірінше, орталық балаларды «эпидемически энотерит» немесе қан тышқақ ауруына септігін тигізетін өнімдермен қамтамасыз еткен. 200 пуд бұзылған етті әкімшілік-шаруашылық бөлімі тастай алмайтындығын, үнемделіп таратылуы керектігін жеткізген. Оның жазуынша, балаларды деревнялар мен крестьяндарға таратқан, мектеп жасындағы балалардың көпшілігі жақын қалалар мен станцияларға қашып кеткен (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 21-іс. 404-405-пп.). Балаларды беру кейбіреулері үшін қолайсыз болды, себебі кейбірін еңбекке пайдаланса, ал кейбіреуін өз сеніміне ауыстыруға тырысты (2-том, 2021:434). Көріп отырғанымыздай, эвакуацияланған жерлердегі балалар толыққанды қамтамасыз етілді деп айта алмаймыз.

Халықаралық ұйымдардың балаларға көмегі. М.Горький РКФСР рұқсатымен Гувер арқылы Ресей аумақтарын қамтыған аштықтағылар мен ауруларға, әсіресе балаларға көмектесу үшін Америка халқынан көмек сұрады. Гувер өз жауабында Ресейдің шамамен миллион баласы үшін қосымша көмекке Америкалық Көмек Әкімшілігінің (Американская Администрация Помощи / бұдан әрі – АРА) сәлемдемесін ұсынды. Америкалық Көмек Әкімшілігі – ресми емес, ерікті Америкалық қайырымдылық ұйымы, аталған кезеңдегі төрағасы Герберт Гувер болған.

1921 жылғы 22 қазанда АРА мен РСФСР арасында келісімге қол қойылды. Келісімге сәйкес, АРА өз жұмысына қажетті персоналды Ресейге алып келуге құқылы және Кеңес Үкіметі оның Ресейде болған уақытында толық бостандығы мен қорғалуына кепілді болды. Америкалық емес азаматтар және 1917 жылы Кеңестік Ресейде ұсталынған америкалық азаматтар тек Кеңес Үкіметінің жеке рұқсатымен жұмыс істеуіне жол берілген. Орыс немесе басқа да жергілікті персоналды АРА-ға таңдау беріліп, Кеңес Үкіметі оларды табуға көмек көрсетуі керек болған. АРА жүктерін Петроградта, Мурманскіде, Архангельск, Новосибирскіде және т.б. Ресей порттарына тапсырғаннан кейін Кеңес үкіметі оны түсіріп алуға, АРА қызметі жүретін аумақтарға жүктерді жеткізу бойынша жауапты болған. Аталған келісім мақсатында қанағаттанарлық деп табылған порттар: Рига, Ревель, Ганга және Гельсинфорс. Кеңес Үкіметі өз есебінен ішкі базаларда қоймалар ұсынған.

Көмек жүктері тек АРА көрсеткен балалар мен ауруларға арналған. АРА пактарын алғандардың ешқайсысының жергілікті пактерінің алынбауы керек екен. Кеңес Үкіметі жүктерді мақсатсыз пайдаланған жағдайда барлық жүктің өтемін франк есебінде доллармен немесе табиғи қалпында өтеуі керек болған.

Кеңес Үкіметі асхана орындарымен, тарату пунктерімен ас пісіру, тамақ тарату жабдықтарымен және қажетті жанар-жағармаймен қамтамасыз еткен. Олардың шығындарын Кеңес Үкіметі немесе жергілікті билік қамтамасыз етуі керек болған. Жергілікті медициналық персонал мен көмек АРА талабын қанағаттандырған. Сондай-ақ аталған келісімге сәйкес, барлық транспорт түрлері тегін болуы керек. Сонымен қатар АРА-ға радио, телеграф, телефон, почта, курьер қызметтерін тегін көрсетіп, мүмкіндік болса жеке телеграфтармен және телефондармен қамтамасыз етуі керек болған. Кеңес Үкіметі азық-түлік жүктерінің, порттарға



жеткізу құнынан басқа және Ресейге көмек көрсету бойынша жұмысты америкалық бақылауға және қадағалауға тікелей шығындардан басқа барлық шығындарға жауапты болған.

АРА міндеттеріне: тиісті ұйым құрғаннан кейін, ауруларды және балаларды азық-түлікпен, киіммен және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуі керек болған. Балаларды ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайы мен саяси көзқарасына қарай бөлмеген. АРА персоналы тек көмек көрсету ісімен айналысып, басқа саяси, коммерциялық қызметпен айналыспауы керек, ондай жағдайда бірден жұмыстан босатылатын болған. Кеңес билігі оның себептері мен дәлелдерін АРА бастығына хабарлауы керек екен. АРА жүктерді қажетті Кедендік тексеруден өткізуге жол беріп, жүктерде ешқандай алкоголь болмауы керек болған.

АРА-ның ашаршылықтағыларға көмектесудегі басты мақсаты – ашаршылықтағыларға көмектің орнына пленге түскен, қамақтағы американдықтарды шығарып алып кету. Бұл туралы жоғарыда аталған келісімде көрсеткен (ҚР ОМА. 509-к. 1-тіз. 7-іс 27-29 пп.).

Нақты жұмыстарды Балаларға көмек орыс-американ комитеті (бұдан әрі – БКОАК) атқарып, ұйымдастыру жоспары жасалынған. Жоспарға сәйкес, БКОАК келесідей бюролардан ұйымдастырылды:

1. Орталық бюросы Москва қаласында орналасып, Ресейдегі АРА директорының тағайындауы бойынша бір немесе бірнеше Америкалық өкілден және Кеңес билігінің тағайындауы бойынша бір немесе бірнеше Кеңес Үкіметінің өкілінен құрылған. Сонымен қатар онда Орыс сарапшыларының кеңесі, дәлірек айтқанда: дәрігерлер, тамақтандыру және диетик сарапшылардың кеңес беруі қарастырылған. Бұл Кеңес беру бюросы БКОАК-ке кіргенімен, аталған Орталық бюронның бөлігі болып табылмаған.

2. Округтік бюро әрбір округке орналасты. Олар өз округі шеңберінде көмек көрсетеді.

3. Райондық бюро көмек көрсетілетін әрбір районның басты пәтерінде болды. Ол АРА директорының тағайындауы бойынша бір немесе бірнеше Америкалық өкілден және Губисполкомның тағайындауы бойынша бір немесе бірнеше жергілікті билік өкілінен құрылған.

4. Жергілікті бюро балаларға көмек көрсету бойынша жергілікті жұмысты ұйымдастыру үшін әрбір районда ұйымдастырылуға тиіс болған. Бұл бюролардың саны Москва қаласындағы Орталық бюромен жұмыс көлеміне байланысты белгіленген. Олардың саны көмек көрсетілетін орындардың жергілікті тұрғындарымен, қажеттілік бойынша шектелген.

БКОАК штаты келесідей болған:

№	Бөлімі	Міндеті
1.	Әкімшілік бөлім	Қызметкерлерді шақыру, хат алмасу, экспедиция, баяндамалар, есептер жасау және мұрағат жүргізу; балаларға көмекке қатысты статистикалық және басқа да мәліметтер жинау және дайындау; менюді дайындау және шығару; тамақтану нормасын есептеу; асханаларды ұйымдастыру жоспарларын және тамақтандыру пунктері үшін ережелерді дайындау және шығару; асханалар мен тамақтандыру пунктерін ұйымдастыру және жүргізу; АРА қаулысына сәйкес, дәрігерлік тексеру жолымен тамақтана алатын балаларды іріктеу; белгіленген балаларға дұрыс дайындалған тамақтың белгіленген мөлшерде нақты жетуін бақылайтын инспекторлар кадрын ұйымдастыру және оқыту.
2.	Қамтамасыз ету бөлімі	АРА БКОАК белгілеген кезеңдерде қоймалар мен қойма орындарына ревизия жасау; жергілікті қоймалар мен тарату орталықтарына жабдықтауларды жеткізу; қажетті мүліктерді беруді ұйымдастыру; асханалар мен көлік құралдары бөлімі үшін қажетті жанар-жағармайды, көлік құралдарын алу.
3.	Дәрігерлік бөлім	АРА белгілеген негізгі қағидаларға сәйкес барлық дәрігерлік көмекті бақылау; дәрігерлік-санитарлық материалдарды тарату және дұрыс таралуын бақылау және оларды тағайындалуы бойынша жеткізу; эпидемияға қарсы қажетті санитарлық және алдын алу шараларын қабылдау және т.с.с.
4.	Қаржы бөлімі	БКОАК-тің барлық (американдықтардан басқа) қызметшілерге ақша төлеу, асханалар мен тамақтандыру пунктерінің жұмысы үшін елдің ішінде жеткізілетін азық-түліктерге, мүліктерді сатып алуға, жанар-жағармайға және т.б. фрахтыны және шығындарды, БКОАК жұмысын жүргізуге және



		бақылауға байланысты барлық жүкқұжаттар шығындарды төлеу; қаржылық баяндамалар, есептер жасау және т.б. Кеңес Үкіметі бұл бөлімді БКОАК жұмысын жүргізу үшін қажетті қаржылай соммамен қамтамасыз етуі керек. Белгіленген суммалардың шығыстарының есептері Кеңес Үкіметіне ұсынылады және БКОАК-тің бухгалтерлік кітаптары Кеңес Үкіметінің тиісті органдары тарапынан қарауы және тексеруі үшін әрқашан қолжетімді болды. БКОАК-тің барлық органдарының қаржыландырылуы Орталық бюро арқылы жүргізілетін болды.
--	--	---

7-кесте. БКОАК штаты туралы ақпарат (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс 58-п.)

Tab. 7. Information about the staff of the RACAC (CSA RK. F.R.509. Inv. 1. C. 6. Sh.58.)

«Орындардағы аш балаларға көмек жұмысы үшін политжұмысшыларға нұсқаулықтың» 6-тармағында АРА қызметін тарату барысында Балаларға көмек комиссиясы АРА-ға толық көмек көрсетуі керек. АРА-ның тамақтануына жататын балалар тізімін Халбілгуббөл мен Денсаулық бөлімдері жасайды және балалар комиссияларымен, орындарда оның органдары куәландырылды (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс 58-п.).

1921 жылғы 18 қарашадағы жағдай бойынша Балалардың жағдайын жақсарту бойынша комиссиясы АРА-ның қызметін Кирреспубликаға тарату бойынша қаулы еткен. ККСР Халық Ағарту Комиссары Кенжиннің қолдауымен АРА жанындағы РСФСР өкілі мен АРА-дан 1921 жылдың қараша айына ККСР үшін 50000 пайк алынған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс 25-п.).

Аталған мерзімде Кирреспубликамен қатар Башреспубликаның балаларын тамақтандыруға да 50000 пайк бөлінген. Орынбордағы балаларды тамақтандыруға бөлінген пайкты тарату үшін алдын ала қоймалар, асханалар қажетті мүлікпен, жанармаймен қамтылуы алдын ала қарастырылған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс. 33-п.). Саратов ауданындағы АРА персоналының жартысы Орынбордағы базаны жабдықтау үшін ауыстырылып, 29 вагон қарашада жіберуге дайындалған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс 36-п.).

АРА-ның апталық паяк нормасы бір балаға келесідей болған: күріш – 26,54 з., сала – 10,59 з., тәтті сүт 37,02 з., какао – 4,96 з., ұн – 1ф. 27 з., сала 5з., манна ұнтағы – 26,54 з., бұршақ (маннаны ауыстырушы) – 13,27 з. 1922 ж. шілдеден бастап үлкендерді де тамақтандыра бастаған, адам басына 22 ½ фут. болған (РФМА. 1215-қ. 1-тіз. 20-іс). Негізінен үлкендер тамақтандырылмаған, бірақ есептерде тамақтанушылар қатарында мекемелердегі аурулар мен «ана мен бала үйлеріндегі» аналар келтірілген (РФМА. 1065-қ. 3-тіз. 21-іс. 79-п.).

1921 жылғы 17 қарашадан бастап АРА балаларды Орынбор қаласында 12 асханада тамақтандыра бастады. 1921 жылғы 17 қарашадан 1 желтоқсан аралығында – 52,257 бала; 1-15 желтоқсанда – 121.913 бала тамақтандырылды. Орынбор қаласында 83 асхана, олардан 9.195 адам тамақтанған. Орынбор губерниясында 103 асханадан 15.240 бала тамақтандырылған (РФМА. 1064-қ. 2-тіз. 38-іс. 19-п.).

Балалардың өмірін жақсарту бойынша орталық комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес, ОБК міндеттеріне жетудің бірі ретінде АРА ұйымының көмегін 400.000 паякке көтеру бойынша шаралар қабылдау болып табылды (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс 57-п.).

КЦИК хатшылығы 1922 жылғы 13 ақпандағы №624 хатында Балалардың өмірін жақсарту бойынша орталық комитетінің шолуына АРА қызметін қосуды сұраған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 5-іс 7-п.).

1922 жылғы 15 наурыздың өзінде КирЦИК Балалардың өмірін жақсарту бойынша орталық комиссиясының БОАК Балалардың өмірін жақсарту бойынша орталық комиссиясына хатынан Поволжье губернияларына қарағанда Қырғыз Республикасының 5 аштықтағы: Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, Орал, Бөкей губернияларында панасыз балалар көбірек екендігі келтірілген. Көрсетілгендерге қоса: Ақмола, Семей губерниялары мен Адай уезі аштыққа ұшыраған. Аталған хатта АРА-ның көмегі тек Орынбор, Орал губернияларына және Ақтөбе губерниясының кейбір бөлігіне берілгендігі, ал Қостанай, Бөкей губерниялары АРА-ның көмегін алмағандығы келтірілген. Қаңтар айының өзінде панасыз балалар саны Бөкей губерниясында – 21.050, Қостанай губерниясында – 95.000 (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 6-іс 79-п., 79-ап).



Шетелдік ұйымдардың қызметі Қостанай губерниясында 1922 жылдың маусым айында ғана басталды. Көмектің уақытылы келмеуіне Қостанай губерниясының темір жолдан алыстығымен және тағы да басқа бірқатар себептер болған. АРА Қостанайға 8 маусымда келіп, Кустанайский, Фёдоровский және Боровский аудандарында асханаларды ашуға кірісті. Маусым айында 30 асхана ашылып, онда 13640 бала тамақтанды. Аталған 3 ауданның балалар үйлері де АРА-ның тамақтандыруына тіркелді (РФМА. 1215-қ. 1-тіз. 20-іс).

1922 жылғы 1 наурызда АРА-ның 17850 пайкке 102 тамақтандыру орындарынан 2 аптада өз қызметін көбейтіп, АРА-ның 50% жоспары орындалған. Аталған уақытта АРА 277 елді мекендерді, оның ішінде ҚССР-да 223. Нақтырақ келесідей кестеде келтірілген:

Елді мекендердің саны	Ашылған асханалар саны	Тамақтанушы балалар саны	Мекемелердегі асханалар саны	Тамақтанушы балалар саны	Балалардың жалпы саны
1	4	3390	65	6485	9875
57	56	14365	5	395	14730
103	102	22740	1	245	22985
24	24	6595	4	500	7095
32	31	10670	-	-	10670
8	6	1795	-	-	1796
[...]	223	59555	75	7625	67180

8-кесте. АРА қызметі туралы мәлімет (РФМА. 1065-қ. 3-тіз. 21-іс. 79-п.).

Tab. 8. Information about the number of preschool and school-age children (SARF. F.R.-509-k. 1-tiz. 14-is. 22-p.)

Кейбір архив материалы АРА-ның үлкен аппаратпен жұмыс істеп, ерекше бақылауды қажет еткендігі келтірілген. АРА жұмыс істеген кейбір аудан, негізінен қала тұрғындары елеулі көмек күткенімен, олардың кейбірінің жұмыс нәтижесіне, АРА өкілдері мен нұсқаушыларына көңілі толмаған жағдайлар орын алған (РФМА. 1215-қ. 1-тіз. 20-іс).

ГубХалбіл бөлімі жанындағы Губбалаларкомиссиясы отырыстарының 1923 жылғы 15 қыркүйектегі №12 хаттамасында Ауыл шаруашылығын дамыту комитетіндегі АРА қорынан азық-түлікті уездерге тарату туралы сұрақ қарастырылып, Орал қаласы мен уездерінің балалар үйлеріне әзір берілмей, губерниялардағы мектепке дейінгі үйлерге тарату туралы қаулы қабылданған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 1-іс. 81-п.). Ал 10 қазандағы №13 хаттамаларында АРА өнімдерін Ауыл шаруашылығын дамыту комитетінен қабылдау туралы қарастырылып, Губдеткомиссия өнімдері мен ақшалай қаржыны барлық істерімен және құжаттарымен қабылдап, 2 апталық мерзімде ГубХалбілбөлімі қоймаларына қабылдауды аяқтау туралы қаулы қабылданған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-тіз. 1-іс 76-п.). Көріп отырғанымыздай, 1923 жылдың өзінде АРА-ның көмегі жалғасқан.

Қорытынды. Республика аумағындағы өнімсіздік әрбір 10-13 жылда кезеңімен, арасында азды көпті болып, өнімсіздік жылы жұтпен – мал қырылуымен қатар жүрген. 1917 жылдан 1921 жылға дейін егіс көлемі 47% қысқарған. 1920-1921 жылдары малдың жұтқа ұшырауы ауыл шаруашылығына өзінің әсерін тигізді. Мәселен, 1917 жылдан 1921 жылға дейін мал басының азаюы 83% құраған. Аталған себептерге қоса азық-түлік салғыртын да ашаршылық себептерінің бірі ретінде атап өтуге болады. Ақмола өңірі астық өлкесі ретінде қарастырылып, жергілікті халықтың астығы сыртқа жөнелтіліп отырған. 1921 жылғы 1 наурыздың соңындағы ақпарат бойынша аштықтағы адамдардың саны туралы Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Бөкей, Ақмола губерниялары бойынша тұрғындар саны – 3.353.228, оның ішінде ашыққандар саны – 2.286.5916, яғни аталған губерниялар бойынша тұрғындардың 68,2% құрайды.



ҚОАК Балалардың өмірін жақсарту бойынша орталық комитеті 1921 жылғы 28 сәуірде ұйымдастырылып, аштықтағы балаларға көмек жұмыстарын жүргізген. Комиссия төрағадан және 6 мүшеден құрылды. Төрағаны ҚОАК Президиумы тағайындап, мүшелері: Қырағартухалком, Қыразықхалком, Қыржұмшар, Қырденсхалком, Қыркәсбюро және БТК Қыруәкілеттісінен құралды. Комиссия жұмысы мен бағыты комиссия туралы «Ережемен» нақтыланған. ОБК Аштықтағыларға көмек орталық комиссиясының Аштықтағы балаларға көмек секциясы ретінде жұмыс істеген. Кейінірек АРА-ның аштықтағы балаларға көмек бойынша жұмыстарын ұйымдастырған.

1921 жылдың шілдесінде басталған ауру індеттері 1922 жылдың мамырына дейін тоқтамаған. Шілде, тамыз, қыркүйек айларындағы холера індетінен қайтыс болғандар санының көптігі соншалық, есепке алу қиындаған. Тіркелгендерінің өзі 70%-ға жеткен. Ең көп өлім балалар үйінде болған. Аштықтағы адамдар ашыққан балаларын балалар үйіне, балаларды қабылдау орындары толып кеткен болса да қалдырған. Кейбірінің балаларын қалдыра алмаса да, өздерімен алуға мүмкіндіктері болмай, балалары жолда қалған кездер де болған. Панасыз қалған балаларды балалар үйлеріне орналастырған. Балалар үйлері 6 айдың ішінде 328-ден 502-ге, ал ондағы балалар санының 17.092-ден 26.193-ке көбейген. 1921 жылғы 16 қарашадан бастап 1921 жылғы 31 желтоқсан аралығында 100.000-нан 158.564-ке өскен. панасыз балалардың ең көп болған губерниялары – Орынбор, Орал, Қостанай, Ақмола және Ақтөбе. Яғни, бұл мәлімет осы губерниялардың сол кезеңдерде ең аштық пен ауру індеті жайлаған губерниялар болғандығының көрсеткіші болып табылады. 1/III-22 жылғы мәлімет бойынша әсіресе Орынборда – 208.837, Қостанайда – 114.847-ге дейін жеткен. Әсіресе Қостанай қаласы мен Орынбор губерниясының Орск қаласының балалар үйлеріндегі балалардың жағдайы өте ауыр болған. Орск қаласы Орынбордан жолдың дұрыс болмауына және ат көлігінің болмауына байланысты 3,1/2 ай бойына ҚССР орталығынан көмексіз қалған. Балалардың аштықтан өлімі 75%-ға жеткен.

Панасыз балаларды қабылдау бойынша тұрақты ашық болатын күндізгі және түнгі кезекшілік қабылдау, ата-аналарымен тұратын балалардың жағдайын тексеру үшін Әлеуметтік көмек ағалары мен әпкелері ұйымдастырылған. Әйелдер, партиялар және кәсіби бірлестіктер балаларды қабылдау орындарында түнгі кезекшіліктерге тұрып, балаларды жуындырып, реттеген; эвакуациялау барысында алып жүрген. Олардың балаларға деген аналық қарым-қатынасының нәтижесінде бірнеше мыңдаған балалардың өмірі аман қалған. Аштықтағыларды құтқару үшін Помголдың қорынан 39 миллиард кредит ашылған. Сонымен қатар, тамақтандыру пунктері ашылып, панасыз балаларды тамақтандыра бастайды.

Халық мыңдап аштықтан өліп жатқанда халықтық білім берудің жағдайы туралы айту қиынға соғады. Себебі балалар аштықтан әлсіреп, киім мен аяқ киімнің жетіспеушілігінен үйлерінде болуға мәжбүр болды. Ал мұғалімдер ашаршылықта болумен қатар 3-4 айлап белгіленген азық-түлік пайектерін де, жалақыларын да ала алмай, мектепке барудан бас тартқан жағдайлар орын алған. Мұғалімдердің есебіне енгізілген самооблажениелердің өзі, жалпы кедейлік барысында, оң нәтижелер бермеген. Мектептердің шаруашылық есебіне көшуі ата-аналардың балаларын мектепке жіберуден бас тартуына алып келді. Оның нәтижесі бірқатар мектептердің жабылуына, педагогикалық персоналдың тарауына алып келді. Балалар мекемелерінің өзі, әсіресе қыста, жанар-жағармаймен, жылы киіммен жеткілікті көлемде қамтамасыз етілмеген. Десе де кейбір ағарту саласының жұмысшылары уездерге, губернияларға барып, ашаршылық себептерін және ашаршылықпен күреске көмек шараларын айтып, жиналыстар өткізген, тамақ өнімдерін таратқан. 1921 жылғы 1 шілдеден 1922 жылғы 1 шілде аралығында, мәселен Орал губерниясының өзінде мектеп саны 575-тен 120-ға, ал оқушылар саны 43000-нан 8450-ге азайған.

1923 жылдары балалар үйлеріндегі балалардың жағдайына келсек, Мемлекет тарапынан тамақтандыруға ғана қаржы бөлінген. Жергілікті қаржы есебіне аудару салдарынан КССР-дегі мектептердің, дома ребенка, ясли, балалар үйлерінің жағдайы нашарлай бастаған. Жөндеу жұмыстары, жанармай дайындау, мекемелерді ұстау, барлығы жергілікті смета есебінен жүзеге асырылған. Нәтижесінде балалар мекемелері жабыла бастаған, бұл панасыз балаларды көбейткен. Ашаршылық жылдарындағы балалардың жағдайы 1923 жылдары да сол 1921-1922 жылдардағыдай жалғасқандығын көреміз.



Эвакуация бойынша. 1921 жылғы 18 тамыздағы «Өнімсіздік жайлаған жерлерден балаларды эвакуациялау тәртібі туралы ережеге» сәйкес: бірінші кезекте ұйымдасқан ұжыммен (балалар үйі, колония, мектеп және т.с.с.) алып келген балаларды эвакуациялаған. Егер жетім болмаса, эвакуациялауға жататын жергілікті тұрғындардың балалары жергілікті осы типтес басқа мекемеге бөлінген. Келесі кезекте басқа жерлерден келген 6-14 жас аралығындағы әртүрлі балалар үйлеріндегі балалар эвакуацияланған. Келесі эвакуациялануға өнімсіздік орын алған жерлердегі ешқандай туыстары жоқ, балалар үйлері мен әлеуметтік тәрбиелеу мекемелерінде тұратын алдыңғы тармақтардағы жас санаттарына жататын балалар болған. Соңғы кезекте эвакуациялануға жергілікті жерлерде туыстары жоқ және мүліктік байланысы жоқ жетімдер жатады. Эвакуацияға персонал сәйкесінше балалар мекемелерінен шақырылуы керек болған. Эвакуацияланатын әрбір балаға жеке карточка толтырылып, 4 мекен-жайға жіберілген.

Аштықтан зардап шеккен жерлердегі халықты эвакуациялау бойынша жұмыс Қырэвакқа жүктеліп, жұмысты жеңілдету және темір жол станцияларын аштықтағылардан азайту үшін жол бестігі құрылған. Ақтөбе губерниясынан – 4 поезд, Орал губерниясынан – 6 поезд, Қостанай губерниясынан – 2 поезд, Орынбор губерниясынан – 12 поезд, барлығы 24 санпоездбен 15.100 бала эвакуацияланды. Олар 1921-1922 жылдар аралығында Туркеспубликаға, Бұхараға, Украинаға және РСФСР-дың орталық губернияларына жіберілді. Эвакуациялау барысында әр вагонға 2 күтуші 1 тәрбиешіден, барлығы 11 вагонға 33 педагогикалық және техникалық персонал бөлінген. Оның ішінен біреуі эвакуация бойынша уәкілетті болған. Вагондар шаммен және майшамдармен жарықтандырылған. Балалардың көпшілігі жіберер алдында моншаға шомылдырылмай, медициналық тексеру нашар жүргізілген. Себебі балалардың ішінде көптеген ауру балалар болған, өлім жағдайы да кездескен. Кейде эвакуация жұмыстары жабдықталған поезд составтарының болмауымен тоқтатылған. Балаларды эвакуациялауға поездардың азық-түлік қорларының болмауына байланысты кешіктірілген жағдайлар да кездескен. Эвакуацияланған жерлерде балаларды деревнялар мен крестьяндарға таратқан, мектеп жасындағы балалардың көпшілігі жақын қалалар мен станцияларға қашып кеткен. Балаларды беру кейбіреулері үшін қолайсыз болды, себебі кейбірін еңбекке пайдаланса, ал кейбіреуін өз сеніміне ауыстыруға тырысты. Эвакуацияланған жерлердегі балалар толыққанды қамтамасыз етілді деп айта алмаймыз.

АРА көмегі бойынша. М.Горький РКФСР рұқсатымен Гувер арқылы Ресей аумақтарын қамтыған аштықтағылар мен ауруларға, әсіресе балаларға көмектесу үшін Америка халқынан көмек сұрады. АРА – ресми емес, ерікті Америкалық қайырымдылық ұйымы, аталған кезеңдегі төрағасы Герберт Гувер болған. 1921 жылғы 22 қазанда АРА мен РСФСР арасында келісімге қол қойылды. Келісімге сәйкес, АРА ауруларды және балаларды азық-түлікпен, киіммен және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіп, балаларды ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайы мен саяси көзқарасына қарай бөлмеген. АРА персоналы тек көмек көрсету ісімен айналысып, басқа саяси, коммерциялық қызметпен айналыспай, жүктерді қажетті Кедендік тексеруден өткізуге жол беріп, жүктерде ешқандай алкоголь болмауы керек болған. АРА-ның ашаршылықтағыларға көмектесудегі басты мақсаты – ашаршылықтағыларға көмектің орнына пленге түскен, қамақтағы американдықтарды шығарып алып кету.

Нақты жұмыстарды БКОАК атқарып, оның Орталық бюросы мәскеуде ұйымдастырылды. БКОАК штаты: әкімшілік бөлім, қамтамасыз ету бөлімі, дәрігерлік бөлім, қаржы бөлімінен тұрып, әрқайсысы өз қызметін атқарған. АРА-ның апталық паек нормасы бір балаға келесідей болған: күріш – 26,54 з., сала – 10,59 з., тәтті сүт 37,02 з., какао – 4,96 з., ұн – 1ф. 27 з., сала 5з., манна ұнтағы – 26,54 з., бұршақ (маннаны ауыстырушы) – 13,27 з. 1922 ж. шілдеден бастап үлкендерді де тамақтандыра бастаған, адам басына 22 ½ фут. болған. Үлкендер қатарында мекемелердегі аурулар мен «ана мен бала үйлеріндегі» аналар келтірілген. 1921 жылғы 17 қарашадан бастап АРА балаларды Орынбор қаласында 12 асханада тамақтандыра бастады. Орынбор губерниясында 103 асханадан 15.240 бала тамақтандырылған. АРА-ның көмегі басында тек Орынбор, Орал губернияларына және Ақтөбе губерниясының кейбір бөлігіне берілген, ал Қостанай губерниясында 1922 жылдың маусым айында ғана басталды. Көмектің уақытылы келмеуіне Қостанай губерниясының темір жолдан алыстығымен және тағы да басқа бірқатар себептер болған. Кустанайский, Фёдоровский және Боровский аудандарында,



30 асхана ашылып, онда 13640 бала тамақтанды. Аталған 3 ауданның балалар үйлері де АРА-ның тамақтандыруына тіркелді. 1923 жылдың өзінде АРА-ның көмегі жалғасқан.

Қорыта келгенде, қазақ жылсанауына сәйкес циклдік қайталанып тұратын жұт пен қуаңшылықтың алдын алу бойынша, болашақта аштық, індет, балаларды шетелге эвакуациялау және т.б. тарихи оқиғаларды қайталамау мақсатында қазірден бастап мемлекет тарапынан іс-шаралар қабылдануы керек деп есептейміз. Мәселен, болжамды қуаңшылық жылдары алдын ала есептеліп, су қорлары мен суару көздерінің тиімді жолдарын пайдалану. Аштықтың алдын алу бойынша бұзылмайтын тамақ өнімдерінің қоймаларын реттеу. Сондай-ақ індеттердің алдын алу, ықтималдылық жағдайдағы жоспарларды қарастыру. Сонымен қатар балаларды қорғау қорының жұмысын жақсартуды ұсынамыз.

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві.

РФМА – Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві.

Пайдаланылған әдебиеттер

Қабылдинов, 2007 – Қабылдинов З.Е. Астана тарихы. Астана, 2007. 200 с.

1-том, 2021 – Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923. Сборник документов и материалов. / Сост. С.К. Шилдебай (отв.), З.М. Толенова, Г.М. Каратаева, Р.Е. Оразов, Б.Н. Орынбасар. Алматы: «Алматы-Болашақ», 2021. 1-том. 652 с.

2-том, 2021 – Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923. Сборник документов и материалов. / Сост. С.К. Шилдебай (отв.), З.М. Толенова, Г.М. Каратаева, Р.Е. Оразов, Б.Н. Орынбасар. Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2021. 2-том. 752 б.

Омарбеков, 1997 – Омарбеков Т.О. 20–30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: «Санат» баспасы, 1997. – 350 б.

Смағұлова, 2010 – Смағұлова С.О. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ тіліндегі мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы: тарих ғыл. докт. дис. Астана, 2010. 365 б.

Смағұлова, 2019 – Смағұлова С.О. Ашаршылық қасіреті. 1-кітап. Алматы: «Елтаным» баспасы, 2019. 272 б.

Шилдебай, Жүнісбаев, 2021 – Шилдебай С.Қ., Жүнісбаев А.Ә. Қазақстандағы жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес тарихы (1920-1936). Ш.Ш. Уәлиханов атын. тарих және этнология ин-ты. Алматы: Полиграфия Сервис и К, 2021. 168 б.

Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

SARF – State Archive of the Russian Federation.

References

Kabuldinov, 2007 – Kabuldinov Z.E. Astana tarihy. [History of Astana] Astana, 2007. 200 p. (in Kaz.)

Vol. 1, 2021 – Kazakstandagy asharsylyk. Golod v Kazahstane. 1921-1923. Sbornik dokumentov i materialov. [Famine in Kazakhstan. 1921-1923. Collection of documents and materials] / Comp. S.K. Shildebaj (ex. ed.), Z.M. Tolonova, G.M. Karataeva, R.E. Orazov, B.N. Orynbasar. Almaty: «Almaty-Bolashak», 2021. Vol. 1. 652 p. (in Rus.)

Vol. 2, 2021 – Kazakstandagy asharsylyk. Golod v Kazahstane. 1921-1923. Sbornik dokumentov i materialov. [Famine in Kazakhstan. 1921-1923. Collection of documents and materials] / Comp. S.K. Shildebaj (ex. ed.), Z.M. Tolonova, G.M. Karataeva, R.E. Orazov, B.N. Orynbasar. Almaty: «Almaty-Bolashak», 2021. Vol. 2. 752 p. (in Rus.)

Омарбеков, 1997 – Omarbekov T.O. 20–30-zhyldardagy Kazakstan kasireti. [The tragedy of famine in the 20–30-th] Almaty: «Sanat», 1997. 350 b. (in Kaz.)

Smagulova, 2010 – Smagulova S.O. XX gasirdin 20-30 zhildarindagi Kazak tilindegi merzimdi baspasozhi: shigu tarihy men derektik manizi: tarikh gil. dokt. dis. [A periodical in the Kazakh language of the 20-30s of the XX century: the history of the origin and the source value: Dis. Doct. of historical sciences.] Astana, 2010. 365 p.

Smagulova 2019 – Smagulova S.O. Asharsylyk kasireti. Book 1. [The tragedy of famine. Book 1] Almaty: «Eltanim», 2019. 272 p.

Shildebaj, Zhunisbaev, 2021 – Shildebaj S.K., Zhunisbaev A.A. Kazakstandagy zhukpaly aurular men indetterge karsy kures tarihy (1920-1936). [Fight against infectious diseases and epidemics in Kazakhstan (1920-1936)]. Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov. Almaty: Poligrafiya Servis i K, 2021. 168 p. (in Kaz.)



МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

«ОТАН ТАРИХЫ». 2023. № 26 (3).

ӘДІСНАМА – МЕТОДОЛОГИЯ – METHODOLOGY

<i>Сарқытқан Қ., Мәсімханұлы Д.</i> ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ДИАСПОРА МӘСЕЛЕСІ: ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ ТҮРҒЫСЫНАН.....	438
--	-----

ТАРИХ – HISTORY – ИСТОРИЯ

<i>Орынбаева Г.У.</i> ДИСКУССИИ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ О ВОССТАНИИ 1916 г. В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: СОЗДАНИЕ МИФА.....	454
<i>Abdrakhmanova K.H., Konkabayeva N.N., Ali Ali Ali Ahmad Shaban (Egunem).</i> HISTORY OF THE STUDY OF MEDIEVAL TURKIC WRITTEN MONUMENTS.....	469
<i>Байдалы Р.Ж., Құдайбергенова А.И.</i> ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСІ.....	479
<i>Vitakanova Z.Sh., Mukanova G.K., Muminov A.K. (Турция)</i> SYMBIOSIS OF SPIRITUAL AND SECULAR FORMS OF CENTRAL ASIAN EDUCATION IN THE HISTORY OF THE TWENTIETH CENTURY.....	495
<i>Жетпісбай Н.Ы., Жанғалиев Ұ.Қ.</i> 1868 ж. «УАҚЫТША ЕРЕЖЕ»: РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САТЫСЫ.....	511
<i>Michal Pedracki (Польша), Khasseanova Zh.O., Jizenaliev Y.K.</i> ADAPTIVE FACTORS OF THE FORMATION OF THE POLICH DIASPORA IN KAZAKHSTAN IN THE XIX-XX CENTURIES.....	523
<i>Бекенова А.А., Қозыбаева М.М.</i> 1921-1922 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АРА ҰЙЫМЫНЫҢ КӨМЕГІ.....	536
<i>Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh.Ye., Kishibayeva S.B.</i> URBANISM OF KAZAKHSTAN OF THE XIX-XX CENTURIES THROUGH THE PRISM OF PHOTO SOURCES.....	554
<i>Қабдолдина К.Қ.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ИСЛАМ ТАРИХЫ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДА.....	567
<i>Набиолла Н., Ошан Ж.</i> ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ: АБЫЛАЙ ХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ЖЫРЛАР МЕН АҢЫЗДАР.....	582
<i>Капаева А.Т.</i> ГОЛОД 1921-1923 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ И РЕГИОНАХ РОССИИ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	594
<i>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</i> СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1946-1970 ж.ж.).....	606
<i>Zhutanbayev D.N., Ayagan B.G., Kara A. (Турция)</i> HISTORY OF THE FORMATION OF THE LEGAL BASIS OF TRANSITION TO THE MULTIPARTY SYSTEM IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 1980S - FIRST HALF OF THE 1990S.....	618
<i>Гривенная Л.А., Бекишев Р.А.</i> ТАЙНА СПИСКА «232-х»: СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ ЖЕРТВ ВОССТАНИЯ 1921 ГОДА НА ОСНОВЕ ЧАСТОТНОГО И ГРАФИЧЕСКОГО АНАЛИЗА.....	632

**АНТРОПОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АРХЕОЛОГИЯ –
ANTHROPOLOGY. ETHNOLOGY. ARCHAEOLOGY**

<i>Талеев Д. Ә.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ СЫРДАРІЯ БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ.....	650
<i>Белтепов Ж.</i> ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ МАГИЯ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ҰҒЫМДАРЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ.....	662



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
